



• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«Күміс жас»: мүмкіндік кілтін тапқандар

Жұмыссыздықпен күрес елімізде қарқынды жүруде. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы бірі грант алып, кәсіп көзін ашса, енді бірі жұмысқа орналасуда. Бір ғана Қарағанды облысында «Күміс жас» жобасы бойынша 700-ден астам адам жұмысқа орналастырылды.

«Күміс жас» жобасының игілігін көріп отырған Гүлжан Қарина жас кезінен армандаған тігіншілікке биыл бел сыбана кірісті.

– Сәтбаев қаласында 1999 жылдан 2010 жылға дейін зауытта жұмыс істедім. Сол жылы Қарағандыға көштік. Жолдамамен Қарағанды құю-механикалық зауытына орналасып, станокта 20 жылдай еңбек еттім. Денсаулығыма байланысты биылғы жазда жұмыстан шықтым. Бала кезден армандаған тігіншілік кәсіпке жұмыспен қамту орталығы берген нұсқау арқылы қол жеткізіп, «Дедал» фирмасына жұмысқа тұрдым. Жұмыс өзіме ұнайды, – дейді 52 жастағы Гүлжан Жаманқұлқызы.

Гүлжанмен қатар «Күміс жас» жобасы арқылы бұл фирмада жұмыстан нәпақа тауып отырған жеті адам бар. Соның бірі Нафиса Мұхитова 60 жасында мамандығы бойынша осында келді. Ол дәріпесіндей сүйікті кәсібін кіріскен.

– Мен көптен бері мамандығым бойынша жұмыс істеуді ойлап келем, бірақ жасым мүмкіндік бере бермейді, көп жерде қабылдамайды. Мамандығым бойынша мен – тігіншімін. Жас кезімде Абай тігін фабрикасында еңбек еттім. Содан кейін Қарағандыға көшіп, базарда сатушы болып жұмыс істедім. Екі ай бұрын жұмыспен қамту орталығына хабарласып, бірден «Дедалға» тігін-



ші болып жұмысқа орналастым. Маған мұнда бәрі ұнайды. Ұжым жақсы, жалақысы көңілмен шығады, сүйікті ісіммен айналысамын, – деді Нафиса Мұхитова.

Айта кету керек, «Дедал» фирмасы ЖШС – қалалық жұмыспен қамту орталығымен бұрыннан ынтымақтастықта.

– Жеңіл өнеркәсіпте біз 1998 жылдан бері жұмыс істеп ке-

леміз. Соңғы уақытта біз кадрлық тапшылықты сезініп жатырмыз. «Күміс жас» жобасы зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарға жаңа мамандықты игеруге немесе мамандық бойынша жұмыс табуға көмектеседі. Бізде оқу орталығы бар. Теорияға азырақ уақыт жұмсап, тәжірибеге көп көңіл бөлеміз. Мемлекет субсидиялайтын басқа да жобалар бойынша қызмет-

керлерді қабылдауға дайынбыз. Қазір бізде 60-қа жуық адам жұмыс істейді, бірақ адамдар әлі де қажет, – дейді «Дедал» фирмасы

ласуға көмектесті. Тігінші болып жұмысқа тұрдым, басқа дағдыларды да біртіндеп игерудемін. Атап айтқанда, мен өнімдерді бөйімін. Жұмыс қызықты. Артықшылығы – менің үйім жақын, – дейді Ирина Киселева.

Алдағы уақытта колонер орталығын ашамын деген Наталья Вишневца, еңбек биржасында тіркелген тағы 10 адамды жұмысқа орналастыруды жоспарлап та қойған.

«Күміс жас» жобасының арқасында аймақта 730 адам жұмыспен қамтылған. Бұл – «Еңбек ұтқырлығы» орталығы басшысының Қарағанды облысы бойынша орынбасары Дәурен Қошқаралиевтің дерегі.

– Қазір облыс бойынша 3 мыңнан астам бос жұмыс орны бар. «Күміс жас» жобасы бойынша біз 50 жастан асқан қарағандылықтарды жұмысқа орналастырамыз. Алдымен адам жұмыссыз ретінде тіркеледі, содан кейін біз бос орынды таңдаймыз. Біз тігіншілерге, наубайшыларға, аспаздарға, кондиционерлерге, бухгалтерлерге, экономистерге және басқа мамандық иелеріне жұмыс табамыз.

Жұмыс берушілерге «Күміс жас» жұмыскерлерін жұмысқа орналастырғаны үшін субсидия беріледі. Бағдарлама үш жылға созылады. Төлемдер бірнеше кезеңде жүзеге асырылады және субсидия көлемі жалақыға байланысты. Бірақ 30 АЕК-тен аспайды: 12 ай – 70%, 13 айдан 24 айға дейін – 65%, 25-тен 36-ға дейін – 60%, – дейді Дәурен Қошқаралиев.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Еленген еңбек, еселенген мерей

Ұстаздар мерекесінде Мемлекет басшысы еліміздің білім саласына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын берді. Құрметтілер қатарында Қарағандыдағы А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Сабира Күлпейісова бар.



Аюлым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек жолын Ақши ауылынан бастаған Сабира Ізбасарқызы ғұмырының отыз сегіз жылын шәкірт тәрбиелеу ісіне арнаған. А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясында еңбек етіп, шәкірттерге «оқушы жүрегіне жол тауып, олардың бойына даналық, жақсылық, ізгіліктің дәнін себе білген ұстаз» дейтін тәлімгер болды.

Бүгінде Ұлттық бірыңғай тестілеуден үнемі жоғары нәтиже көрсетіп, облыс, республика көлемінде әртүрлі сайыстардың жүлдегерлері, грант иегерлері атанған қарағандылық жастардың көбі – Сабира Ізбасарқызының шәкірттері. Биыл құрметті еңбек демалысына шыққан мұғалім бос уақытында жас мамандарға өзіндік тәжірибесін үйретіп, білім жолына бағыттап жүр.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жаңа автобустар жолға шығады

Қаладағы №3 автопарк жаңадан 60 автобус сатып алды. Оның 34-і №40, 43, 53 және 118-бағыттары бойынша жолаушы тасымалдайды. Ал, қалған 26 автобус жыл соңына дейін қолданысқа енгізілмек. Бұл туралы Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі хабарлады.

Салтанат ІЛНИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Қала автопарктері автобустарын жаңартуды жалғастыруда. Бүгінде №3 автопарк сатып алған Yutong zk6118hga маркалы 34 техника ONAY! жүйесіне қосылып, жүргізушілері де анықталған. Осы аптада бұл автобустардың барлығы №40, 43 және 118-маршруттарына шығады. 26-сы жыл соңына дейін қолданысқа енгізіледі, – деді аталған мекеменің баспасөз қызметі.

Автобустар – Сарандағы QazTeHna автозауытының өнімі. Ұзындығы 11,6 метрлік көлік салонына 80 адамға дейін сияды. Жаңа автобустарда мүгедектер арбасын тасымалдауға арналған орын қарастырылған. Яғни, арбаны бекітетін қауіпсіздік белдігі бар. Сондай-ақ, автобустар аялдама атаулары көрсетілетін электронды такталармен жабдықталған.

Баспасөз - 2024

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5848,50
		12 ай	11697,00
Жеке жазылулар үшін	12 айға	6 ай	3100,50
	4116 тенге	12 ай	6201,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін			10257,00
			10470,00
Жеке жазылулар үшін	3492 тенге		5577,00
			5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Каспi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Анықтама телефоны:
41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Құрлық додасынан құр алақан емеспіз



Қытайдың Ханчжоуындағы жазғы Азия ойындары өз мәресіне жетті. Қазақстан медальдар саны бойынша 11-ші орында. Спортшыларымыз 80 медаль алды. Оның ішінде 10 алтын, 22 күміс, 48 қола бар. Жүлде саны бойынша бірінші орында Қытай, екіншіде Жапония, үшіншіде Оңтүстік Корея. Постквенестік кеністіктегі елдер арасынан үздік ондыққа тек Өзбекстан ілінді. Олар бесінші орынға жайғасты. Қарағандылық санлақтар барлығы алты медальға қол жеткізді. Бір күміс пен бес қола.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Суда көркем жүзуден ұлттық құрамымыз жүлде алды. Әуелі «Дуэт» бағдарламасында Ясмина Тұжова мен Арина Пушкина коланы еншіледі. Ал, Азида ойындарының соңғы күнінде командалық бағдарламада өнер көрсеткен Наргиз Болатова, Ксения Макарова, Этери Какутя мен Арина Мясникова да сол нәтижені қайталады.

– Бұл – жақсы нәтиже. Алдымызда Қытай мен Жапония тұр. Оларда бұл спорт түрі дамыған. Сонымен қатар, бағалау жүйесі өзгерді. Біздің қыздар соған қарамастан, жақсы өнер көрсете білді, – деді көркем жүзуден Қарағанды облысының бас бапкері Елена Котова.

Бұл жүлдегерлердің барлығы – жүзуден облыстық олимпиадалық резерв спорт мектебінің тәрбиеленушілері. Қазір олар өңірлік жоғары спорт шеберлігі мектебінің қарамағында.

Бұл жолы қаратәшілер жаралды. Ханчжоуға келген 8 спортшымыздың барлығы медаль алды. Оның үшеуі алтын. Софья Берульцева ұлттық құраманың қоржынына 10-шы алтынды салды. Ол ел намысын 68 келіден жоғары салмақта қорғады. Ақтық сында непалдық Арика Гурунгті ұтты. Есеп 3:0. 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Қайсар Алпысбай, 75 келіге дейін Нұрқанат Әжіқанов жеңіс тұғырында. Күмісті Данияр Юлдашев 84 келіге дейінгі санатта және 68 келіге дейін Лаура Әлікүл жеңіп алды. Қола жүлдені 67 келі-



ге дейінгі салмақта Дидар Өмірәлі мен Әсел Қанай (61 келіге дейін) еншіледі.

Джиу-джитсудан 65 келі салмақта өнер көрсеткен Ұлттық құраманың спортшысы Мариан Урдабаева Азия ойындарының қола жүлдегері атанды. 57 келі салмақта өнер көрсеткен Галина Дуванова да сол нәтижені місе тұтты. Ақтық кезеңде Филиппин спортшысы Анни Рамирезкеге есе жіберді.

Бұл Азида ойындарында ұлттық құрама бұрынғы межесінен төмендеді. Бұны көрсеткіштер айтып тұр. Бұған дейінгі өткен жазғы Азия ойындарында Қа-

зақстан ең кемі 15 алтын алып жүрген. 2018 жылы Джакартада қоржынға 15 алтынды салыпты. Тіпті, 2014 жылы Оңтүстік Кореяда өткен ойында 28 алтын еншілеп, рекорд орнатқан. 2010 жылы Гуанчжоудан 18 алтын, 23 күміспен, 2006 жылы Дохадан 23 алтын, 20 күміспен қайтыпты. 2002 жылы Пусанда 20 алтын, 26 күміс тағыпты. 1998 жылы Бангкоктан 24 алтын, 24 күмісті қанжығалапты. 1994 жылы Хиросимада – 27 алтын, 25 күміс. Алты Азия ойынында жалпы медаль саны бойынша үздік бестіктен көрініп келіпті. 2018 жылы 9-шы орыннан табылды.

• САЙЛАУ – 2023

Жаңарудың жарқын қадамы

Қазақстанда 5-қараша аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауы өтеді. Пилоттық режимде сайлау өткізу үшін ел бойынша аудандар мен қалалардың тізімі бекітілді. 15 қыркүйекте саяси партиялар арқылы және өзін-өзі ұсынған кандидаттар тіркеуді бастап, 5 қазанда аяқтаған болатын.

Салтанат ПЛИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Естеріңізде болса, Қарағанды облысында екі аудан, атап айтқанда Ақтоғай және Осакаров аудандарының және Приозерск қаласы әкімдерін халық өзі сайлайды. Демек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған азаматтардың жергілікті атқарушы билік деңгейінде шешім қабылдауға қатысуының маңыздылығы дәл осы жерде көрініс бермек. Одан бөлек, Президент «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» деп те айтқан болатын.


Мәселен, осыған қатысты саясаттанушы Елдос Жұмағұл халық арасында әкім сайлауын әлі де жете түсінбеушілік бар деді.

– Халықтың санасында әлі де болса әкімдікке кандидатты жоғары жақ ұсынуы тиіс деген ой басым. Әкім өз орталарынан ұсынылуы тиіс деген мәдениет әлі қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан, бұл

жолғы сайлау пилоттық режимде өтетіндіктен, биліктің ықпалы өтеді деген болжам бар, – дейді ол.

Соған қарамастан, саясаттанушы аудан әкімдерін сайлау жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудағы маңызды қадам екенін де жоққа шығармайды. Бірақ, мәселе сайлаудың қалай өтуіне және оның қалай бақыланатынына байланысты болмақ.

– Бұл деңгейдегі сайлаудың артықшылығы – біріншіден жауапкершілікті күшейтеді. Бұрынғы әкімдер бірнеше адам алдында ғана жауапты болса, енді бүкіл аудан, қала халқының алдында жауапты. Екіншіден, жауапкершіліктің мерзімі нақтыланады. Әкім өзі сайланған мерзімде нақты бағдарламасын жүзеге асыруға жұмыс жасайды. Ал, үшіншіден, жергілікті жерде бәсекелестік қалыптасады. Яғни, халық сайлаған әкімнің оппозициясы қалыптасуы мүмкін. Ол демократияның сөзсіз заңдылығы. Төртіншіден, әкімді халық өзі таңдағандықтан, тұрғындар алдындағы беделі, сенімі болады, сөзі де өтімді болмақ, – дейді Елдос Жұмағұл.



• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Отандық ғылымның орасан игілігі

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде 70-тен астам жас PhD докторы жұмыс істейді. Олардың 15-і департамент және кафедра басқарады. Жас ғалымдардың қатары 3 ғылым докторымен толықты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғылыми-педагогикалық қызметте тәжірибесі бар белсенді жас Ернат Иманбаев «Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы

(PhD) дәрежесін иеленді. Сондай-ақ, Аяулым Әнуароваға «Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру» мамандығы бойынша PhD, Айым Есіркеповаға «Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру» мамандығы бойынша PhD атағы берілді.

Тапсырыс сұранысты қанағаттандыра ма?

Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша облыстың 54 колледжінде 32 946 адам оқиды. 22 мың жас тегін білім берумен қамтылған. Бұл жөнінде кеше өткен облыс әкімінің аппарат жиынында Гүлсім Қожахметова мәлім етті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасы басшысының айтуынша, биыл қыркүйектен бастап шақыртық мөлшері ұлғайды. Қазіргі таңда жұмысшы біліктілігі бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын студенттер 32 681 теңге алады.

Биыл сондай-ақ, сұранысқа ие мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырысты ұлғайту мақсатында 300 кәсіпорынмен бірлесіп жұмыс істеу жоспарда. Осы мақсатта мемлекеттік тапсырыстың 60%-ы техникалық мамандықтарға (металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік және т.б.) қайта бағытталды.

– Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлау – басты бағытымыз. Оған қоса бәсекеге қабілетті, білікті, кәсіптік маман даярлау оқу орындары арасындағы әлеуметтік әріптестікті арттыруға мүмкіндік береді. Студенттеріміздің техникалық мамандықтарды игеруге қызығушылығы жоғары, – деп атап өтті басқарма басшысы Гүлсім Қожахметова.

Аймақ басшысы еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік және техникалық мамандықтарды жаңғыртуды тапсырды.

Техникалық білім беруде «Жас маман» жобасына облыстың 15 колледжі қаты-

суда. Аталған жоба аясында жоғары оқу орындарына сай сұранысқа ие 100 мамандық бойынша білікті маман даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу – жоспарда. Осы орайда 2020 жылы 7 колледж заманауи жабықталған болатын. Қосымша 8 колледжді жаңа жабықтармен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жүргізілуде. Күн сайын студенттердің оқу сабақтарына қатысуына сараптама жүргізіліп, оқытушылар тарапынан талқыланады.

Бүгінгі таңда нәтижелі жұмыспен қамтуда жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы қарқынды жұмыс істеп тұр. Аталған жоба бойынша облыстың техникалық және кәсіптік білім беретін 28 оқу орнында 1780 адам білім алады. (Қазақстан бойынша – 365 оқу орны, 52 901 адам оқиды). Студенттердің шамамен 46%-ы халықтың әлеуметтік осал топтарынан. Осы мақсатта облыс колледждері 2017 жылдан бастап модульдік білім беру бағдарламаларына көшкен болатын. Бұл түлектерге мамандықтар бойынша 3-4 біліктілік алуға мүмкіндік береді. Екі деңгейлі даярлау – техникалық, технологиялық, ауыл шаруашылығы, құрылыс, қызмет көрсету және сервис салалары мамандықтары бойынша жүреді.

Қазіргі таңда аймақтағы кәсіптік және техникалық білім ошақтарында 42 колледжде дуальды оқыту жүйесі бар.

Жағдай жасалса, жұмыс та сапалы

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары аясында облыстық полиция департаментінің өкілдеріне берілген жаңа көліктерді тексеріп, департамент басшылығымен материалдық-техникалық базаны одан әрі нығайту мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, облыс орталығында жаңадан ашылған Мансап орталығына барып, жұмысымен танысты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Барлығы қоғам қауіпсіздігі үшін

Нақтырақ айтсақ, облыс полициясының қызметтік машиналар паркі Chevrolet Cobalt маркалы 20 автокөлікпен толықты. Көліктер облыс әкімдігінің қолдауымен сатып алынды. Жаңа машиналар құқық қорғау органының негізгі буынына жататын патрульдік полиция бөлімшелері мен учаскелік инспекторларға арналған.

Сатып алынған машиналар облыс аумағына таратылды. Жаңа көліктер Балқаш, Приозерск, Теміртау, Абай, Осакаров және Қарқаралы аудандарының полицияларына жіберіледі. Автокөліктер белгіленген стандарттарға толық сәйкес келеді және бақылау камераларымен, басқа да навигациялық жүйелермен жабдықталған.

Жиында облыста қоғамдық қауіпсіздікті нығайту үшін барлық шаралар

қабылданып жатқаны атап өтілді. Жергілікті полиция қызметін қолдау билік тарапынан тұрақты негізде жүргізіліп, жыл сайын жаңа жабықтарға қаражат бөлінетіні, сондай-ақ, бұл көмек әлі де жалғасатыны тілге тиек етілді.

Бір терезе – бірегей мүмкіндік

Енді облыстық еңбек ұтқырлығы орталығы мен Қарағанды Мансап орталығы бір жерде жұмыс істейді. Мұнда жұмыспен қамту мәселесіне қатысты барлық қызмет шоғырланған. Қызметтер «Бір терезе» қағидаты бойынша көрсетіледі.

Облыс әкімі аймақтағы жұмыспен қамту қызметі қалай өзгергенін көріп қайтты.

– Әлеуметтік кодекске сәйкес, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, барлық жұмыспен қамту орталықтары Мансап орталықтары болып қайта құрылды. Сондай-ақ, Қарағанды облысының еңбек ұтқырлығы орталығының негізі қаланды.



Бұл орталық қалалар мен аудандардағы мансап орталықтарының қызметіне жетекшілік етеді. Қайта ұйымдастыру жұмыспен қамту бойынша жұмысты жақсартуға бағытталған, – деді жұмыспен

қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Төлеу Мұхтар.

Бұрынғы жұмыспен қамту орталықтарының барлық қызметтері сақталған. Оларды қазір Мансап орталықтары ұсынады. Бұл – жұмыспен қамтудың барлық белсенді шаралары, жұмысқа орналасуға көмек, бизнес негіздеріне оқыту, мемлекеттік гранттар беру және тағы басқа қызметтер. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға да құжаттар қабылданады.

Мансап орталықтарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары да жабықталған. Келушілерге ыңғайлы болу үшін балалардың ойын алаңы да бар.

Еңбек ұтқырлығы орталығының міндеті – облыстың еңбек нарығын үйлестіру. Оның қызмет саласына аймақтық жұмыспен қамту картасын әзірлеу, мемлекеттік бағдарламалар мен жеке бастамалар шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингі кіреді. Жұмыс берушілермен тығыз байланыс болатыны да назардан тыс қалмады.

Облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы жақында Оңтүстік-Шығыс тұрғындары үшін ашылған Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына да ат басын тіреді. Мұнда зейнеткерлер бос уақытын тиімді өткізіп, емін-еркін әңгімелесе алады. Спортпен шұғылданады, компьютерлік сауаттылығын арттырады. Тіл үйренеді. Бұдан бөлек, орталықта заңгерлер мен психологтардың қызметі де қолжетімді. Барлық қызмет тегін. Қарағандыда қазір төрт Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы бар және алдағы уақытта жаңаларын ашу да жоспарланды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Аталған жүйе 7000 адамды қамтып, 300-ге жуық кәсіпорынның қатысуымен енгізілді. Биыл жаңа қабылданған 3500-ге жуық студентті жобаға қатыстыру жоспарлануда. Бұл – мемлекеттік тапсырыс бойынша барлық білім алушының 25%-ы (өткен жылы 6425 білім алушы, бұл 8%-ға артық). Оған қоса өндірістегі тәлімгерлерге қосымша ақы төлеу бойынша шаралар қабылданды. Дуальды оқыту кезінде практикадан өту мерзімі студенттің еңбек өтіліне қоса есептеледі (6 айдан 1,5 жылға дейін).

Әлемнің озық елдерінде табысты қолданылып келе жатқан жүйе кәсіптік білім беру саласында да өзінің тиімділігін байқатқан. Басқарма басшысының айтуынша, дуальды білімді дамытуда мамандардың кәсіптік жарамдылығы – өндірісте оқы-

ту арқылы айқындалады. Кәсіптік білім алушылар өздерін жан-жақты көрсету барысында жұмысқа орналасуға жолдама алады. Маманға қойылатын талаптарды ескерген әрбір жас өзінің жұмысқа ынтасын, икемділігін жұмыс барысында байқата алады.

– Дуальды жүйе атауы қоғамға кеңінен таныс болғанымен, іс жүзінде көбісі түсіне бермейді. Жүйе еңбек нарығындағы өзгерістерге тез бейімделетін, бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлауды көздейді. Ол жұмыс берушілер мен кәсіптік маман даярлайтын оқу орындары арасында жүзеге асады. Өндірістегі сабақтардың өткізілуін, студенттердің қауіпсіздігін топ жетекшісі қадағалайды. Дуальды оқыту жүйесіне жауапты колледждің өндірістік



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

оқыту шебері және мекемеден белгіленген маманға жауапкершілік жүктеледі, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Қазіргі таңда колледждердің 60 пайызында WorldSkills стандарттары бойынша бағалау жүйесін енгізу де күн тәртібіндегі мәселе. Бұл орайда облыс жастары жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру және колледж студенттерін дамыту мақсатында WorldSkills халықаралық шеберлік чемпионатына белсенді қатысып жүр. Биыл үш студент Қазақстанды Польшада өткен халықаралық турнирде өз жобаларын «Сантехника және жылыту», «Флористика» және «Электроника» құзыреттілігі бойынша сәтті көрсетті.

Бүгінде WorldSkills стандарттарының 50-ден астамы білім беру бағдарламаларына енгізілгенін атап өткен жөн. Жастар қарашада Астанада өтетін WorldSkills республикалық чемпионатына қызу дайындық үстінде.

Жалпы, кәсіптік және техникалық білім беру бойынша 2023-2024 оқу жылына қабылдау 8 144 орынды қамтыды (оның ішінде жергілікті бюджеттен – 7 144 орын).

«Білімді ұлт» сапалы білім» ұлттық жобасы шеңберінде республикалық бюджеттен – 1 000 орын белгіленген.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады»



Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Бірақтар мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының камын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын



Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырақат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, зансыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі – халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын

кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертпен күреске баршамыз атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройын мен қадір-қасиетін

құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, әділ төрелік болып, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Серікбол ОСПАНОВ,
Қарағанды қалалық аумақтық инспекция басшысы

• НАУҚАН

Емхана тандау – еркіңізде

Аймақта емханаға ерікті тіркелу науқаны жалғасуда. Науқан басталған бір айға жуық уақытта 2 мың қала тұрғыны емхана ауыстыруға ерік білдірген. Оңтүстік-Шығыстағы №15 емхана мен Қалалық бірінші медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығына тіркелушілер қатары көбірек екен.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың денсаулық сақтау басқармасында мәлімдегендей, еркін тіркелу туралы өтініш мемлекеттік қызмет болғандықтан, бір тәулік ішінде қаралуы тиіс. Алайда, науқас тіркелгісі келетін дәрігердің учаскесінде 1700-ден астам адам тіркелген болса, тіркелу мүмкін болмайды. Терапевтің учаскесінде 2202 адамнан аспауы тиіс. Педиатрларға 500 жас және 18 жасқа толмаған 800 баладан артық тіркелмеуі керек.

Науқан кезінде тіркелгендер медициналық қызметті сол емханадан тек келер жылдан



бастап алатынын ескерген жөн.

Ресми дерек бойынша облыста барлығы 37 емхана бар. Оның 22-сі мемлекеттік болса, қалғаны жекеменшік.

Емханаға ерікті тіркелу науқаны 15 қарашаға дейін жалғасады.

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы сотына Наилә Кардаевна Мукалиеваның 14.12.1936 ж. туған әкесі Карда Юсупович Галиевті қайтыс болды деп хабарлау туралы азаматтық іс қозғалған. 14.12.1936 жылы Көкшетау қаласында туған Карда Юсупович Галиевтің орналасқан, тұратын жері туралы қандайда бір хабар білетін барлық тұлғалардан ол туралы Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы сотына мына мекенжайға: Қарағанды қаласы, Магнитогорск көшесі, 48 үй, осы хабарлама шыққан күннен үш ай ішінде хабар берулеріңізді сұраймыз.

№559

• АКЦИЯ

Көрнекі ақпараттың көрінісі қандай?

Елімізде мемлекеттік тілдің тұғырына мықтап орналасуы үшін тіл саясатының жүзеге асырылуына ұдайы назар аударып, замана талабы, уақыт ағымына сай туындайтын жаңа міндеттерді айқындау – бүгінгі күндегі жауапты мәселе. Тіл жанашырлары мен еріктілер бұл күнде мемлекеттік тілге қатысты заң талаптарының орындалу барысын қадағалауда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы ретте, сәуір айында Қарағанды қаласында «Көрнекі ақпаратпен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасы басталды. Бұл жоба – кез келген қызмет көрсету орындарында, мемлекеттік, жекеменшік сауда-саттық саласында дүкен маңдайшасындағы жазу, тақтай-

шадағы хабарландыру сынды жалпы көрнекі ақпараттың заң аясында жазылуын, деректемелердің дұрыс орналастырылуын қадағалайды. Кем-кетік, келеңсіздікті жою үшін кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетуге негізделген ауқымды іс.

«Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасын облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орта-

лығы тапсырысымен облыстық жастар мен балалар ұйымдарының одағы жүзеге асыруда.

Жоба аясында «Сауатты жарнама – сауатты кәсіпкер» акциясы ұйымдастырылып отырғанын да айтамыз. Бұл акция қаламызда орналасқан мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚРЗ 21-бабы, «Жарнама туралы» ҚРЗ 6-бабына сәйкестігіне мониторинг жүргізу, 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен



толықтырулар енгізу туралы» Заңын түсіндіру, кәсіпкерлерге тегін аударма қызметін ұсыну мақсатын көздейді.

«Сауатты жарнама – сауатты кәсіпкер» акциясы аясында арнайы құрылған жұмыс тобы мен еріктілер бизнес өкілдеріне, кәсіпкерлерге жарнаманы заң ая-

сында сауатты жазуға шақырып, тегін әдістемелік көмек көрсетуде. Бүгінде 200-ден аса кәсіпкер аудармашыға жүгініп, көрнекі ақпарат мәтінін аудартып, сауатты жарнамасымен «Сауатты кәсіпкер» атанып отыр.

Мемлекеттік тілге қатысты заң тәртібін талап етушілер са-

пандағы жастар мен еріктілердің еңбегі ерен. Қазақ тілінің тұғырын биіктетуге студенттерден құралған еріктілердің атсалысуы, тіптен, қуантады. Жігерлі жастар – тіл жанашырларымен нық тіресе жүріп, әрекет етіп, берекелі жұмыс көрсетуде. Мәселен, волонтерлар бұл күнде Майқұдықтағы Магнитогорск көшесі, Оңтүстік-Шығыс аумағындағы Мұқанов, Сатыбалдин, Язев көшелері мен Кеншілер және Құрылысшылар даңғылы бойындағы сауда-саттық, кәсіпкерлік нысандарын аралап, «Сауатты жарнама – сауатты кәсіпкер» акциясы аясында іскер жандарға түсіндірме жұмысын жүргізді. Акция шеңберінде кәсіп өкілдеріне ақпараттық парақшалар, заңнама талаптары жазылған жаднамалар таратуда.

Айта кету керек, «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасы 2020 жылы басталған. Биыл дәстүрлі үрдіспен төртінші жыл жалғасын табуда.

• ҰБТ-2023

Білім беру жүйесі жетілдіріледі

Еліміздегі орта білім беруді бағалау жүйесінің мазмұнын жетілдіру мақсатында тестология саласындағы мамандарды оқыту басталды. Ұлттық бірінғай тестілеу тапсырмаларының форматын жетілдіретін «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы Дүниежүзілік банктің қолдауымен жүзеге асуда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек хабарлағандай, жоғары білімді оңтайлы етудің нақты жолы – ҰБТ форматын жетілдіру. Осы орайда сарапшы-тестологтер мен талдаушыларды оқыту тиімді.

Жобаға білім саласындағы 350 маман қабылданды. Оқыту аясында мамандар тест тапсырмаларын әзірлеу мен талдауды игеріп, тестологиядағы озық әдістерді меңгерді. Білімді бағалауды үйреніп, тестілеу нәти-

желерін статистикалық және психометриялық талдау саласындағы құзыреттілігін дамытып, заманауи технологияларды қолданады. Сондай-ақ, тестология саласындағы біліктілікті арттыру кәсіби дағдыны күшейтіп, ҰБТ және жалпы білім беру жүйесіне жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді.

Оқыту тестология мен пәндік білім бойынша компьютерлік тест тапсыру арқылы жүреді. Білім саласының мамандары Ұлттық тестілеу орталығының жобаларына қатысуға мүмкіндік беретін халықаралық сертификат алады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Уланған балалар ауруханадан шықты

Қарағанды облысының балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында жаппай улану салдарынан зардап шеккен екі науқас облыстық балалар клиникалық ауруханасынан шығарылды. Бұл жайлы облыстың денсаулық сақтау басқармасы мәлімдеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарманың баспасөз қызметі таратқан хабарламада «Бүгінгі таңда орталықтың 12 тәрбиеленушісі жалпы жағдайы жақсарып, әлеуметтік мекемеге оралды. Барлық бала орталық дәрігерлерінің бақылауында» делінген.

Оқиғадан кейін басталған прокурорлық тексеріс аяқталды. Оның нәтижесінде өрт қауіпсіздігі мен санитариялық-эпидемиологиялық нор-

ма талаптары сақталмағаны анықталған. Алайда, балалардың улануы мен қайтыс болуы себебі әлі анық емес. Бұған қатысты сараптама жұмыстары бүгінгі күнге дейін жүргізілуде.

Естеріңізге сала кетейік, 30 шілдеде орталықтағы екі бала өздерін нашар сезініп, ауруханаға түскен. Ұқсас белгілері бар тағы 10 бала 31 шілдеде ауруханаға жатқызылды. Көп өтпей бір бала, тамыз айында тағы бір бала қайтыс болды.

«Ломбард Golden №1» ЖШС, БСН 160840019279, мүдделі тұлғалардың назарына орналасқан жерінің (заңды мекенжайының) келесі мекенжайға ауысуы туралы жеткізеді: «Қазақстан, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Ботаникалық көшесі, 12/1 үй, 18 пәтер, пошта индексі 100000» (Лицензия № 09.21.0059.Л от 02.04.2021 ж. УРП в г. Караганды Агентства РК по регулированию и развитию рынков).

№558

Қарағанды облысы әкімінің аппараты қаржы-шаруашылық бөлімінің бас инспекторы Марал Султанмахметовна Ковачка орны толмас ауыр қаза інісі

Ерлан Султанмахметович ИБАДИЛЬДИННИҚ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық мәслихаты Қарқаралы аудандық мәслихатының төрағасы Саят Оспановқа анасы

Зағиша Рамазанқызы БЕЛАСАРОВНЫҚ қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары, тыл еңбеккері Қиянбек Қарымұлы Қарыбаевқа аяулы жары

Күлкен АХМЕТҚЫЗЫНЫҚ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, шын ниеттен көңіл айтады.

• ТҰСАУКЕСЕР

Нілдінің сыр-сандығы

Арқаға белгілі азамат, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жұмағали Мағзидің «Нілді: тарих және тағылым» деген монографиялық жинағы баспадан шықты. Кітаптың тұсауы Нілдінің, бүгінгі атауымен айтсақ – Өспеннің төрінде кесілді. Алаштың сұңқар Сәкені білім алған қасиетті топыраққа облыстық кәсіподақ орталығының өкілдері мен қаламгерлер, облыстық мәслихат депутаттары, автордың үзегілес достары бір қош болып барды. Жолды бастаған Жүмекең әп сәтте гидке айналып шыға келді. Монографияда жазылған тарихи орындарды көрсету үшін күре жолдан түсіп, күзгі жаңбырдан бусанып жатқан мылқау һәм маңғаз далаға ат басын бұрды. Қайран Нілді, ұлылығын ұлықтайтын перзентін күтін-ақ жатыр екен! «Сыр сандық» ақтарылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі жұрт «Әлінің жалы» деп атап кеткен тауға бардық. Етегінде Әлімжан Байшағырұлы мәңгілікке дамылдап жатыр. Ол қазақ жерінде алғашқы болып кәсіподақ ұйымын құрған. Мысқа толы Нілдінің тереңіне бойлаған кеншілердің құқығын қорғаған қайраткер.

Ақсақалдар марқұмның рухына құран бағыштады. Содан кейін, Жұмағали мырза жастарға Әлекең жөнінде кенінен тарқатып айтып берді.

– Тарихта «Әлінің ереуілі» деген бар. Әлімжан Байшағырұлы құқығы тапталған кеншілердің басын қосып, бүтін бір Өспен кенішінің жұмысын тоқтатқан. «Бізге 8 сағаттық жұмыс күнін беріңдер, еңбекақымызды көбейтіңдер, мектеп ашыңдар» деп Ресей патшасына петиция жазған. Осы ереуілдің арқасында 1906 жылы Өспенде орыс-қазақ мектебі ашылған. Жалпы айтқанда – бұл ереуіл қазақ қоғамына орасан өзгеріс әкелді. Келер ұрпақ Әлімжан Байшағырұлының кім екенін білуі тиіс, – деді Жүмекең.

Бұл топырақта кәсіподақ қозғалысы бастау алған. Сәкеннен кейінгі Өспендегі биік тау – Әлі Байшағырұлы. Еліне қызмет жасаған заңғар тұлға.

«Әлінің жалынан» әріге кеттік. Өспеннен шамамен 10 шақырым алыста жатқан қазақ даласындағы тұңғыш кен байыту фабрикасына бардық. Атауы – «Сарысу байыту фабрикасы». Оңтүстік етегінде Сарысу өзені ағып жатыр. Бұны Өспен кенінің, Спасск мыс зауытының, Қарағанды көмір бассейндерінің иесі, ағылшын Нельсон Феел салдырған. Конструкторы – Уилфорд Уорделл. Құрылысы 1914 жылы басталып, 1916 жылы іске қосылған. 1919 жылға дейін жұмыс істеген. 1919 жылы жаңадан орнаған кеңес үкіметі қысым көрсетіп, кетуге мәжбүр болыпты. Ағылшындар жаңа үкіметтен кен өндірудегі жаңа технологияны жасырып қалу үшін нысанды жарып, ортеп кеткен деседі. Автордың сөзінше, бұл – тарихи жәдігер. Қазақстандағы өнеркәсіптің тамыры осы жерден басталған.

Фабрика қыр басына салынған. Сарысу өзенінен суды сорғыш арқылы жоғарыға көтерген. Сол сумен Нілдінен келген руданы жуған. Өңделген мысты түйеге, өгізге жегілген арбалармен Спасскке жеткізген. Қабырға тау тасынан қаланған.



Маңайында түрлі түсті тастар әлі де шашылып жатыр. Бұны тарихи жәдігер деуге толық негіз бар. Көкейде «бұл жер неге мемлекеттің қарауына алынбайды» деген заңды сауал туды. Сауалды Жүме-

кеңе жолдадым. Қайраткер азамат ендігіде осы шаруаны қолға алатынын жеткізді. Нілді топырағында бір өңірдің ғана емес, бүтін бір ұлт тарихы үнсіз жатыр. Монографиялар жинағының маңызы да осында.

Жусаны мен селеуі самалмен тербелген жұмбаққа толы даладан Өспеннің мәдениет үйіне бардық. Ол жерде кітаптың тұсауы кесілді. Автор оқырманға кітапты таныстырды. Рәсімнің шымылдығы Сәкен Сейфуллиннің әндерімен ашылды. Оқырман сауал қойды, авторы жауап берді. Жынында Шет ауданы әкімінің орынбасары Орал Зөмірбекұлы сөз алды.

– Жұмағали Мағзидің бұл кітабы біз үшін аса құнды. Себебі, мұнда бүтін ұлт тарихының бір бөлігі жатыр. Нілді топырағында орасан бетбұрыстар жасалған. Жұмағали мырза монографиясын тарихи деректерге сүйеніп отырып жазған. Тың деректер көп. Бұл еңбек өзге де ізденістерге арқау болары сөзсіз. Авторға күш-қуат тілейміз. Бұдан басқа тақырыптарды қамтып, ел тарихын түгендеуге үлесін қосатынына сеніміміз зор, – деді Орал Зөмірбекұлы.

Жұмағали Мағзидің бұл еңбегі талай ғалымға, тарихшыға азық болары сөзсіз. Өйткені, мұндағы деректер «Сарысу байыту фабрикасының» иесі Нельсон Феелдің 1916 жылы Нью-Йоркте жазылған «Орыстар және көшпенділер» деген кітабынан алынған. Бұл құнды кітап Жүмекеңнің қолында бар. Ағылшынша жазылған. Жұмағали мырза түп нұсқадан қазақшаға тәржімалаған. Өзге де әдебиеттер пайдаланылған.

Жұмағали Мағзи осыған дейін «Тарих таразы» атты кітап жазған. Мұнда да ұлт тарихының бір бұрышы ашылған. «Нілді: тарих және тағылым» кітабының да айтары көп. Жүмекеңнің еңбегі елеусіз емес. Азаматын қадірлеген елдің ері қошеметке бөленіп жүр. Республикалық кәсіподақ федерациясының алтын төсбелгісін алды. Бұдан өзге де марапаттар баршылық. Бірақ, Нілдіге сапар кезінде Жүмекеңнің әңгімесін тыңдап отырып, оның атақ, даңқ, құрмет үшін еңбектеніп жүрмегенін түсіндік. Мақсаты айқын: бойдағы күш-қуатымен 70 жыл бодандықта тұншыққан ақиқатты жарыққа шығарамын деп шыршылдап жүр.

Нілдінің сапары осындай болды. Әлімжан Байшағырұлының ғұмырынан тағылым алдық. Қазақ даласындағы өнеркәсіптің бастау алған жерін көрдік. Ізденіс жолына түскен талатты ердің әңгімесін тыңдадық. Жол үстіндегі әңгіме құнарлы болады. Мынау жұрттың қайғысын да, қуанышын да көрген мылқау далаға қарап отырып, тарихты тыңдаған тіпті, ғажап. Сәкен Сейфуллин сауатын ашқан мектепке баруымыз мүлде бөлек, ғаламат әсер етті. Ғимаратты Әлімжан Байшағырұлы 1906 жылы салған. Қазір музей болып тұр. Сәкен Сейфуллин оқыған сынып та – құнды мұра. Қабырғасы бәрі сол беті. Алаштың тарихына қызықанның бәрі осында ағылады.

Нілдіден зілді ойлармен аттандық. Жүмекеңдей азаматтар болса, мұнда сыр көп. Шет ауданы

• БОКС

Даңқ залындағы дарабоз

Voxingscene.com журналісі Стивен Эдвардс қазақстандық боксшы Геннадий Головкиннің шеберлігі туралы пікірімен бөлісіп, сыншылардың сауалына жауап берді. Оның тиянақты талдауы һәм батыл шешімдерімен спортсүйер қауым етене таныс.

«Головкин – бокс әлемінің үздігі және «Бокс даңқы» залының мүшесі. Алайда, меніңше, негізгі «Супербоулин» ұлт ала алмауы оның карьерасына біршама зиян келтірді. Егер ол Канелонны, Джейкобсты, мүмкін, Мартинесті айқын басымдықпен жеңгенде, орта салмақтағы әлемнің үздік он боксшысының қатарына енер елі деп ойлаймын. Біреу оны «шау тартқан» десе, қатты қателеседі. GGG – аңызға айналған ұлы боксшы. Генаның бойындағы қуаты мен қарсыласты сезіну тактикасы – бокс тарихындағы ең үздіктер қатарына алып шықты. Орта есеппен 130 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан сегізінші дивизионның үздік 20 боксшысының қатарына кіру – оңай емес», – деп есептейді С.Эдвардс.

• «ЕҢ ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ»

Ермаковқа ел риза

Ekaraganda.kz порталы облыстың кәсіпкерлер қауымдастығымен бірлесіп, қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Айдың ең жағымды жаңалығы» байқауын қорытындылады. «Белсенді Қарағанды» жобасы 2018 жылдан бері өткізіліп келеді.

Әр ай сайын ekaraganda.kz порталы ең жағымды жаңалықтарды таңдап, оқырмандар өзiне ұнағанына дауысын береді. Осылайша, өздерін қандай жаңалық қуантқанын таңдайды. Дауыс саналып, жеңімпаз анықталды.

Нәтижесінде, параармрестлингтен Әлем чемпионатында жүлделі орынға ие болған қарағандылық спортшылар туралы материал айдың ең жағымды жаңалығы деп танылды. Хайуанаттар паркіндегі жаңа лемуралар мен Балқашта демалған еңбек ардагерлері туралы хабарлар да біршама дауыс жинады.

«Жағымды жаңалық» айдарындағы жеңісі үшін қарағандылық спортшы Никита Ермаков сайт тағайындаған сыйлықты иеленді.



• ТУРНИР

Миллион кімге бұйырады?

Қарағандыда республикалық жарыстар аясында еліміздің солтүстік өңірлерінің спортшылары арасында Қазақстанның ең мықты боксшыларын іріктеу турнирі өтті. Бұл – бокс тарихында жастар лигасы аясында өткен алғашқы сайыс.

– Федерациядағы әріптестерімізбен бірігіп, 2006-2007 жылдары туғандар қатысатын белдеу құрдық. Бұл – турнир әрі Еуразия құрлығындағы балалар лигасы. Біз мұны алғаш болып өткіздік, – дейді Қазақстан кәсіпқой бокс федерациясының вице-президенті Рахымжан Ерденбеков.

Іріктеуден өткендер 20-22 қазан аралығында гранд-финалда өнер көрсетіп, бес салмақ дәрежесінде күш сынасады. Жетімпаздар титулдық белбеу мен бір миллион теңгеге қол жеткізеді. Ал, келесі жылы үздік атанғандар чемпиондық құрамымен Мексикадағы Канелло Альварестің дайындык лагеріне аттанады.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ФЕСТИВАЛЬ

Ашық аспан астындағы оқу залы

Қарағандының орталық саябағында кітап фестивалі өтті. Оны қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханалар жүйесі ұйымдастырды. Саябақтағы сахна маңы кітапханаға айналып шыға келді. Айта кетейік, мұндай фестиваль қаламызда бірінші рет ұйымдастырылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальдің мақсаты – «Оқырман ұлт» жобасын жүзеге асыру, оқырмандардың қызығушылығын арттыру, кітаптарды насихаттау. Фестиваль бұнымен шектелген жоқ. Оқырмандарды жергілікті авторлармен, яғни, қаламгерлермен кездестірді. Қаламгерлер қауымы саябақтың бір бұрышына жайғасып, оқырманмен емін-еркін әңгімелесті.

Кітап фестивалін өткізу барысында кітап пен оқуды, мобилді кітапханаларды ілгерілету үшін кітапхана еріктілерімен жұмыс жандандырылды. Балаларға арналған «Ғажайып ел», «Шеберхана» алаңдары жасакталды. Сонымен қатар, баспаханалар мен кітап дүкендері сирек кітаптардың, көркем әдебиеттердің көрмесін ұйымдастырды. Кітап лоторейасы ойнатылды.

Іс-шараға қарағандылық жазушы-



лар Сүйіндік Жанысбай, Мұхамедкәрім Сәлкенұлы, Ақыш Мақсұтқан, Ергазы Садуақасұлы, Қашау Шапау, Салтанат

Смағұлова, Салтанат Қайырбек, Толғанай Айтболатқызы, балалар жазушысы Илья Воронков, ақын Алла Бежина, «Ақниет» әжелер ансамблі, Қазыбек би атындағы аудан ардагерлер ұйымдарының өкілдері

және қала тұрғындары қатысты. – Осыған дейін бұндай ауқымда фестиваль өткізген жоқпыз. Енді әр жыл



сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылмалқ. Жоспарымыз айқын. Жыл сайын жаңа идеяларды, жобаларды іске асыруға тырысамыз. Бастысы – халықтың ілтипағын көрдік. Қала жұртына ұнады. Саябақта серуендеп, кітап сөрелерін аралаған жақсы әсер беретіні сөзсіз. Оқырмандар да қанаттанды. Жаңа кітаптардың тізімін жасап алды. Ізденісте жүрген оқырмандар үшін ең қажет шаралардың бірі деп есептеймін, – деді қалалық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлжан Ахметкәрімова.
ҚАРАҒАНДЫ

